



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

№ 1917 от 22.08.2025

**Білім беру ұйымдарында
дене шынықтыру сабақтарын,
спорттық-бұқаралық,
дене шынықтыру-сауықтыру
және әскери-спорттық іс-шараларды
өткізу кезінде қауіпсіздік техникасын
сақтау туралы**

Дене шынықтыру сабақтарын, спорттық-бұқаралық, дене шынықтыру-сауықтыру және әскери-спорттық іс-шараларды өткізу кезінде, білім беру ұйымдарында спорттық және оқу-әскери жабдықтар мен мүкәммалды пайдалану кезінде сабақтық және сабақтан тыс уақытта қауіпсіздік техникасын қамтамасыз ету мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Білім беру ұйымдарының басшылары қауіпсіздік техникасын сақтау жөнінде қажетті шаралар қабылдап, спорттық және оқу-әскери жабдықтары мен мүкәммалын пайдалану кезінде дене шынықтыру сабақтарын, спорттық-бұқаралық, дене шынықтыру-сауықтыру және әскери-спорттық іс-шараларды өткізу кезінде жауапты мамандарды тағайындасын.

2. Білім беру ұйымдарының басшылары дене шынықтыру сабақтарын, бұқаралық-спорттық іс-шараларды өткізу кезінде қауіпсіздік техникасы жөніндегі жұмысты ұйымдастыру және оқушылардың қауіпсіз тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету жөніндегі ілеспе құжаттаманың тізбесін дайындап, бұқаралық, дене шынықтыру-сауықтыру және әскери-спорттық іс-шаралар және спорттық, оқу әскери жабдықтар мен мүкәммалды пайдалану жөніндегі қажетті шараларды қамтамасыз етсін .

3. «Өркен» балалар мен жасөспірімдердің дене тәрбиесі орталығы» МКҚК қауіпсіздік техникасы бойынша жұмыстың жай-күйін зерделеу үшін білім беру ұйымдарына бару арқылы қауіпсіздік техникасын сақтау үшін қажетті шараларды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Білім басқармасы басшысының орынбасарлары М.Каирбаеваға, Н. Еламановқа, С.Адылбаевқа жүктелсін.

Қосымша: 1 парақ.

Қосымша
Астана қаласы Білім
басқармасы басшысының
2025 жылғы « » _____
№ _____ бұйрығына

**Дене шынықтыру сабақтарын, спорттық-бұқаралық,
дене шынықтыру-сауықтыру және әскери-спорттық іс-шараларды өткізу және
спорттық, оқу әскери жабдықтар мен мүкәммалды пайдалану кезінде қауіпсіздік
техникасы жөніндегі жұмысты ұйымдастыру және оқушылардың қауіпсіз тыныс-
тіршілігін қамтамасыз ету жөніндегі ілеспе құжаттама (ТБ және ТЖБ) ТІЗБЕСІ**

- ✓ ТБ және ТЖБ қамтамасыз етуге жауаптыларды тағайындау туралы бұйрық;
- ✓ Жаңа оқу жылына дайындыққа спорттық ғимараттарды, атыс тирлерін, саптық плацты, кедергілер жолағын қабылдау актісі;
- ✓ Спорт залында дене шынықтыру, алғашқы әскери және технологиялық дайындық сабақтарын өткізуге рұқсат актісі;
- ✓ Спорт залындағы гимнастикалық снарядтарды, спорттық жабдықтарды, атыс тирлерін, пневматикалық винтовкаларды, саптық плацты, кедергілер жолағын сынау актісі;
- ✓ Мектеп стадионында спорттық жабдықтар мен кедергілер жолағын сынау актісі;
- ✓ Спорттық, әскери құрал-саймандар мен жабдықтарды сынау нәтижелерін тіркеу журналы;
- ✓ Спорттық және әскери құрал-саймандарды, жабдықтарды және желдеткіш құрылғыларды көзбен шолып қарау нәтижелерін тіркеу журналы;
- ✓ Жалпы білім беретін мектепте дене шынықтыру, алғашқы әскери және технологиялық дайындық сабақтарын ұйымдастыру және өткізу кезінде қауіпсіздік шараларын сақтау туралы нұсқаулық;
- ✓ Дене шынықтыру, алғашқы әскери және технологиялық дайындық бойынша мұғалімдерге арналған қауіпсіздік шаралары және еңбекті қорғау бойынша қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулық;
- ✓ "Дене шынықтыру", "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" пәндері бойынша оқушыларға арналған қауіпсіздік шаралары бойынша кіріспе нұсқаулық, сондай-ақ оқу бағдарламасының бөлімдері бойынша сабақтарда қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулық;
- ✓ Дене шынықтыру, бастапқы әскери және технологиялық дайындық сабақтарында және спорттық-бұқаралық және әскери-спорттық іс-шараларды өткізу кезінде қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаманы тіркеу журналы;
- ✓ Дене шынықтыру, алғашқы әскери және технологиялық дайындық сабақтарында және спорттық-бұқаралық және әскери-спорттық іс-шараларды өткізу кезінде жазатайым оқиғаларды тіркеу журналы;
- ✓ ТБ және ТЖБ бойынша тақырыптық стенд;
- ✓ Денсаулық жағдайы бойынша арнайы медициналық топқа жатқызылған балаларды дене жүктемесінен босату туралы бұйрық;
- ✓ Денсаулық жағдайы бойынша арнайы медициналық топқа жатқызылған оқушылардың ДКК анықтамалары;
- ✓ Диагнозын көрсете отырып, денсаулық жағдайы бойынша арнайы медициналық топқа жатқызылған сыныптар бойынша оқушылардың тізімі;

- ✓ Арнайы медициналық топтарға арналған күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар.

Согласовано

21.08.2025 11:26 Еламанов Нариман Танатарович

21.08.2025 11:27 Адылбаев Серик Тавкович

21.08.2025 12:14 Каирбаева Маржангуль Джамбуловна

21.08.2025 16:37 Сарамбетова Гульфара Бекбулатовна

Подписано

22.08.2025 13:45 Сенгазыев Касымхан Сенгазыұлы



ГУ «Управление образования города Астаны» - Мурзагулова Г.С.